

«ЖІГІТ» ГЕНДЕРЛІК КОНЦЕПТІСІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Жоланова Т.

4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: *ф.ғ.д., профессор Г.Т.Шоқым*

Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, Ақтөбе қаласы

Қазақ тіл біліміндегі бүгінгі күні қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі антропоэзектік (антропоцентристік) бағыттағы зерттеулер. Антропоэзектік бағыт аясындағы зерттеулердің үлкен салалары гендерлік лингвистика, когнитивтік лингвистика қазіргі күні ғылыми қағидалары мен амал-тәсілдер негіздерінде өз алдына жеке ғылыми сала болып қалыптасып, дамып келе жатыр. Лингвистика ғылымындағы мәдениеттің орныққан концептілерін диахрондық және синхрондық тұрғыдан саралау, тіліміздегі поэтикалық образды сөздерге лингвомәдени-танымдық тұрғыдан түсіндірмелер беру, лингвокогнитивтік мәселелердің түйінін шешу бірден-бір өзекті ғылыми ізденістер қатарына жатады.

Тіл біліміндегі зерттеулердің негізі бүгінгі таңдағы жаһандану процесіне төтеп берудің негізінде ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып түсіну үшін, тілдік бірліктерді тіл мен танымның тұтастығы, тіл мен мәдениеттің сабақтастығы тұрғысында тілдік емес лингвофилософиялық мәнділіктермен өзара сабақтастықта «ғаламның тілдік бейнесі» деген күрделі теорияның ыңғайына сай негізделіп зерттеу ісін жүргізу кеңінен етек алуда. Ал, дүниенің белгісі дегеніміз адам баласының әлемді тануының негізі болып саналады[1; 62].

Әлемнің тілдік бейнесі, әсіресе, тұрақты тіркестерден, фразеологизмдерден, идиомалар мен мақал-мәтелдерден анық көрінеді. Өйткені, тілдің бұл қабатында халық даналығы, рухани құндылықтар жүйесі, қоғамдық мораль, ұлт өкілдерінің дүниеге, адамдарға және басқа ұлттарға деген қарым-қатынасы тәрізді маңызды ақпараттар жинақталған. Бұл жөнінде белгілі зерттеуші В.А.Маслова: «Әлемнің тілдік бейне көріністері әр тілдің өзіне тән ерекшеліктеріне, әр халықтың әлемді өзінше тануына, ол фрагменттерді өзінше бейнелеп атауына байланысты тіл-тілде өзгеше болып өріледі» дейді [2; 80].

Тілдік бірліктердің жиынтығы тілдің семантикалық кеңістігін қалыптастырады. Концепт - концептосфераның бірлігі мағына - тілдің семантикалық кеңістігінің бірлігі. Мағына - тілдік сананың элементі, концепт - когнитивті («жалпы») сананың бірлігі. Концепт пен мағына - ойлану, когнитивті құбылыстың болмыстары. Мағына - қатысым (коммуникация) мақсатында тілдік белгімен берілген концептінің бір бөлігі.

Концепт - тілдік ақпараттарды кодтайтын (сөзге айналдыратын, таңбалайтын) оларды репрезентациялайтын (яғни сөздің ішкі мазмұнын,

мәнін танытатын, оның затқа, реалийге қатысын, шындықты бейнелеуін көрсететін) және оны (сөзді ақпараттарды) трансформациялайтын (келер ұрпаққа жеткізетін) тілдік таңбалар жиынтығы[3; 38].

Әлемдік ғылымда концептінің зерттелуінің ұзаққа созылған тарихының қалыптасуы, бүгінгі күнге дейін аталған тақырыпта сан алуан көзқарастағы сан алуан еңбектердің өмірге келуі бұл құбылыстың күрделілігін дәлелдейді. Сонымен қатар концептінің өзіне тән феноменіне жалаң әрі біржақты қарауға болмайды. Концепт терминінің мағынасын түсінуге таза лингвистикалық, логикалық, когнитологиялық, философиялық негізде сабақтастыра қарау керек.

Қазақ халқының танымындағы "*жігіт*"концептісіне қатысты атаулар, қазақ жігіттерінің таным-талғамын, көзқарасын, сезімін, психологиясын, сан иірімді ерекшеліктерін тануға, қазақ мәдениетіндегі орнын айқындауға мүмкіндік беретін тілдік бірліктер, лексико-фразеологиялық, паремиологиялық бірліктер, халық ұғымында қалыптасқан ұғым-түсініктер, қазіргі көркем мәтіндердегі т.б. "*жігіт*"концептісін дәлелдейтін деректерді зерделеуді қажет етеді.

Қазақ тарихы мен мәдениетін зерделесек, сан ғасырлар бойғы күресте елдігін ерен ерлігімен, еңбегімен, асқан парасатымен, шексіз табандылығымен және намысқойлығымен сақтай білген, ұлттық рухты ұрпағының бойына ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен сіңіре білген ер азаматтар аз емес. Қазіргі таңдағы қазақ елінің тағдырында да, бүгінгі мен ертеңінде де бағзы замандардағыдай ер азаматтардың алатын орны, атқаратын рөлін көрсету мен жаңғыртудың мәні ерекше. Алайда қазақ халқының ұлттық дүниетанымына сәйкес қазақ мәдениетіндегі ер адамның шынайы орнын тіл арқылы таныту, жаңаша зерттеп-зерделеу міндеті толық шешілген жоқ. Осымен байланысты ұлттың болмыс-бітімі, дүниеге көзқарасы мен рухани-мәдени құндылықтарына сәйкес ерлердің табиғатын, қоғамдағы, отбасындағы әлеуметтік қызметімен сабақтас анықтау мәселесін ұлттық таным қорында тіл арқылы жинақталған *жігіт концептісі* арқылы дәлелдеудің мәні ерекше. Оның өміршеңдік сипатына сәйкес қазіргі қазақ қоғамындағы "*жігіт*"концептісінің даму динамикасын, жаңару үрдісін анықтау мәселенің өзектілігін айқындайды.

Концептінің негізгі белгісі болып танылатын сөздіктерде берілген «жігіт» сөзінің мағынасы мен түп төркіні, этимологиялық мағынасына зер салып қарайтын болсақ, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мынадай түсінік берілген:

Жігіт зат. *Кәмелетке толған ер азамат; бозбала*. Артыма жалт қарасам, екі *жігіт* түсіп, аттарын байлап жатыр екен. (Б.Майлин. «Шұғаның белгісі»). Кейбір *жігіт* жүреді мақтан сүйіп, Сыртқа пысық келеді, көзге сынық (Абай, Тол.жин.).

«Жігіт» сөзі орыс тіліндегі «джигит», «детина», «юноша», «парень» сөздеріне сай келеді. Ал «менің жігітім», «сенің жігітің», «оның жігіті»

дегендердегі тәуелді түрде келетін «жігіт» сөзінің (орысшасы - парень, паренек) мағынасы қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілмеген.

«Жігіт» сөзінен жасалған туынды сөздер де аз емес. Олар: *жігіттік (шақ), жігітсі(у), жігітсіз, жігітсін(у), жігітше, жігітшілік, жігітімсі, жігіт-желең* т.б.

Жігіттің бейнесі негізінен жастықтың, адамгершіліктің ұлттық өлшемдерімен егіз өріледі. Мұны сипаттайтын тілдік бірліктер жігітті рәміздейтін сөз тіркестері төңірегінде топтастыруға болады. Мысалы:

«Жігіт» *концептісінде бастапқы ұғым* - жастық кезеңмен, жас ерекшелігімен байланысты өрбіген «жігіт» сөзімен келетін тіркестер: жігіт болу, жігіт-желең, бозбала, бала жігіт, жасөспірім жігіттер, балаң жігіт, жас жігіт, жігітше, жігітшілік құрды, жігіттіктің базары, жастықтың әуеніне салды, жігітсінү, жігіт болғансу, жігітімсу, дүр жігіт, ер түлегі, ер жігіт, сақа жігіт, қылшылдаған жігіт, жігіттік жасады, жігіт болды, т.б.

Аралық ұғым - некелік және туыстық жағдайдан туындаған сөз тіркестері: *бойдақ жігіт, үйленген жігіт, күйеу жігіт, күйеу бала, өкіл күйеу, күйеушілеу, үйленді, әйелі бар, көп қатын алған, талақ, әйел тастады, жігіттің үш жұрты* («Балалығыңды сағынсаң - нағашыңа бар, жігіттіңді сағынсаң қайныңа бар») т.б.

Қорытынды ұғым - мәртебелік рөлін анықтайды: *жігіт ағасы, ел ағасы, «ақылы асса-аға тұт» (мақал), ағалық етті* т.б.

Қазақ халқында жігіт сөзін жеке қолданумен бірге «*жас жігіт*», «*ер жігіт*», «*ер азамат*» түрінде жиірек қолданады. Мұндағы «*ер жігіт*», «*ер азамат*» ұғымдары ер адам, еркек кіндік мағынасында жұмсалады. Демек, «жігіт» сөзінің әлеуметтік ортада, қоғамда «еркек», «ер» сөздерімен мағыналас жұмсалатынын және жігіт сөзі белгілі бір жас ерекшелігіне сәйкес қолданылатынын көреміз.

Жалпы жігіт немесе жігіттік сөздері жастық шақты бейнелейтін ұғымдар. Халық ұғымында он бесте отау иесі саналған бозбала есейіп жігіт жасына жеткенде жасына сай батыл, ер жүрек, бір сөзді, ақылды, білімді, яғни сегіз қырлы бір сырлы болуы керек. Осы ретте мынадай мақал-мәтелдерге назар аударсақ, *Жігітті жігерінен таны; Жақсы жігіт он бесінде жас емес, жүзге келсе де пәс емес; Жігіт болсаң, шоқ бол, шоқ болмасаң, жоқ бол; Жігітінде жігіт болмаған, өмір есебінен құр қалған* т.б.

Қазақ халқының жігітке байланысты ұғым-түсініктері, қалыптасқан көзқарасы ғасырлар бойғы өмір тәжірибесінде түйінделіп, елеп-екшеліп, сұрыпталудан өткен халық даналығының мәйегі - мақал-мәтелдерде сақталған. «Жігіт» *концептісінің* көрінісін мақал-мәтелдер арқылы былай топтастыруға болады:

1. Жігіт - ер жеткен, кәмелетке толған ер азамат. Халық ұғымында *жас жігіт, ер жігіт, батыр жігіт, нар жігіт, қайсар жігіт* образында қалыптасқан. Мәселен, *Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін туады; Жігіт жанған от болсын, от болмаса жоқ болсын; Нар маяның жүні- жібек, сүті- бал, нар жігіттің аймағы-ел, алды-мал; Батыл жігіт жол бастар, ақын*

жігіт той бастар; Ит тойған жеріне, ер жігіт туған жеріне; Жігітке ерлік те оңай, билік те оңай; Ер жігіт үш ақ үй, үш қара үй тігеді; Есебін тапқан жігітке, ердің құны сөз емес; Жігіт жерінде, жекең көлінде; Ер жігіттің өзі шығар биігі бар; Арғымақ бірде жалды, бірде жалсыз, ер жігіт бірде малды, бірде малсыз; Ай толғанын білмейді, жігіт болғанын білмейді; т.б.

2. Жалғыз жігіт туралы: *Жалғыз батыр жауға жоқ, жалғыз жігіт дауға жоқ; Жалғыз мая қайымас, жалғыз жігіт байымас; Жалғыз жігіт би болмас, жалғыз ағаш үй болмас; Жалғыз аттың пайдасы көп, жалғыз жігіттің айласы көп; Жалғыз жігіттің басына іс түссе, ақылынан адасады, Сасқанынан қырық құмалақ алып, бал ашады; Кедей болар жігіт, биесін сатып, ат алар, Жалғыз болар жігіт, ағайынмен ұрысып жат болар; Көр көкірек жігіттен, ер көкірек егде артық; Жаралы болар жігітке, қозғалы тал тап болар, жалғыз болар жігітке, бедеу әйел тап болар.*

3. Жігіт сегіз қырлы, бір сырлы, яғни өнерлі, білімді, ақылды, талапты, білгір болуы керек. Осыған байланысты халық даналығындағы мақал-мәтелдердің мағынасына назар аударсақ: *Ақылды жігіт атқа да қонар, таққа да қонар; Өнерлі жігіт өрде озар, өнерсіз жігіт жер соғар; Жігітке жетпіс өнер де аз; Жігітке жеті өнер де өнер, өлең де өнер; Жігітке жеті өнер аз, жетпіс өнер көп емес; Жігіттің екі өнері бар: атқан да жыққан, ашқан да оқыған; Ақыл қонбаған жігітке, бақыт та қонбайды; Жігіттің жұмсаған күшін сұрама, бітірген ісін сұра; Істің ақыры жігіттің пақырына қалады; Жігіттің түсін айтпа, ісін айт; Сегіз қырлы балықты, тоғыз қырлы жігіт алады; Арманы жоқ жігіттің пәрмені жоқ.*

4. Қазақ қоғамында жігітті жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, тәртібіне қарап бағалайды. Соған байланысты мақал-мәтелдер: *Текті жігіт тек жүрер, текелес киік жай жүрер; От түтінсіз болмас, жігіт мінсіз болмас; Жігіттің жігіті - өз нәпсісіне ие болған; Жақсы туған жігітке, бүкіл ел таласар, жаман туған жігіттер, қара жолдан адасар; Би болар жігіттің, төбеде болар жұмысы, мерген болар жігіттің, жебеде болар жұмысы; Кемел жігіт кешірімді; Атты арбада көр, жігітті ортада көр; Салмай жортқан жігіттен, салмай құлындаған бие артық; Жақсы аттың жалын сақтағанша, жақсы жігіттің арын сақта; Намысы бар жігіттің, нар күшіндей күші бар, намысы жоқ жігіттің, намыспен не ісі бар?; Ит пен ит ырылдасса, тамағының тоқтығы, жігіт пен жігіт ұрысса, ынтымақтың жоқтығы; Жолы болар жігіттің, жлі оңынан тұрады; ырсыққан жігіт мал таппас, адасқан жігіт жол таппас; Соры бар жігітке сортаң жер жолығар, айналасы ойпаң жер жолығар; т.б.*

5. Жігіт жолдасынан белгілі демекші, ер жігіт серігі, жолдасы, досы арқылы сыналады. Мысалы: *Жолы болар жігітке, жолдан жолдас қосылар; Жігіттің жайын жолдасына қарап жоры; Ат жаманы жолда қалдырар, жолдас жаманы қолда қалдырар; Жаман жігіт жолдасын жауға алдырар, өзін ұятқа қалдырар; Жолдасың жаман болса, алыс жүріп түн*

қатпа; қатының жаман болса, кісі алдында тіл қатпа; Жігіт – жігіттің көзі; Жігітті тоқтық қосады, тоқтық қоспаса, жоқтық қосады;

6. Жігіт алған жарымен де сыналады: *Жігіт жарымен жақсы; Жігітке жар қымбат, намыс пен ар қымбат; Алғаның жаман болса, көңілің жарым; атың жаман болса, талар қарың; Алғаны жақсы жігіттің, әрқашан ісін оңдайды, алғаны жаман жігіттің, ісінің сәті болмайды; Қыз алмаған жігіттің, қырық қызда дәмесі; Жігіт көзімен қыз таңда; Тыртықай жігітке, жыртақтай әйел кез болады; Адам болар жігіттің жары өзіне лайық; Керуен бастар жігіттің нары өзіне лайық, т.б.*[4; 116].

Бұл мақал-мәтелдерден қазақ жігітінің болмысын, бет-бейнесін толық көре аламыз. Тіліміздегі «жігіт» концептісін бейнелейтін мақал-мәтелдерде *жақсы жігіт* пен *жаман жігітке* қатысты халық көзқарасымен бірге жігіттің қоғамдағы орнына байланысты гендерлік таптаурындар да көрініс береді.

Қорыта келгенде, «жігіт» гендерлік концептісінің лингвомәдени ерекшелігі қазақ дүниетанымында қалыптасып, тілде бекіген этномәдени, гендерлік таптаурындар арқылы ашылады. Жігіттің ойлау қабілеті, зейін-зерде ерекшелігі, парасат-пайым деңгейінің, мінезінің т.б. гендерлік тілдік көрінісі халық танымындағы жігіт бейнесімен сабақтасып жатыр.

Пайдаланылған әдебиет

1. Шоқым Г. Тілдің гендерлік жіктелім ерекшеліктері. – Алматы, 2009.
2. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – Минск, «Тетра Системс», 2004.
3. Кубрякова Е.С., Демьянков В.З. Краткий словарь когнитивных терминов. – Москва, МГУ, 1996.
4. Кейкін. Ж. Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі. – Алматы, «Өлке», 2002.-448 б